

Шымкент қаласы
№53 «Ер - Асыл» бөбекжай- бақшасы
Мектепалды даярлық «Жауқазын» тобы

Тақырыбы:

Көбелек

Тәрбиеші: Артыкова А

2020-2021 жыл

Білім сапасы: Шығармашылық

Білім бөлімі: Жапсыру

Тақырыбы: «Көбелек»

Мақсаты: Балаларды көбелекпен таныстыру. Балалардың өзіне және айналасындағыларға жақсы сезімін ояту. Жауапкершілікке, ұқыптылыққа, сабырлыққа баули отырып шығармашылыққа деген құлшынысын арттыру. Саусақтарымен жұмыс жасауға үйрету. Түрлі түсті жылтырақтармен көбелекті сәндеп шығу. Саусақ бұлшық еттерін дамыту, қиялдарын ояту.

Көрнекіліктер: желім, көбелек, жылтырақ.

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің қызметі | Балалар әрекеті |
|--|--|--|
| <p data-bbox="107 763 420 1523">Мотивациялық қозғаушылық</p> <p data-bbox="107 1523 420 2058">Ұйымдастырушылық ізденушілік</p> | <p data-bbox="420 763 1090 1008">Сәлемдесу Біз әдепті баламыз Біз ерекше баламыз Қонақтарды көргенде Сәлеметсіздер ме деп Сәлемдесіп аламыз.</p>  <p data-bbox="420 1406 1090 2058">- Жақсы , олай болса бүгінгі күніміз жақсы өту үшін шаттық шеңберімізді жасап алайық. Жарқырап күн ашылды Аналарға шашылды. Қайырлы күн Біз нәзік қыздармыз. Қайырлы күн Біз ержүрек ұлдармыз. Рахмет, балалар, олай болса бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметіміз өте қызықты болмақшы. Қане, мен сендерге жұмбақ жасырайын табыңдаршы. Қаны жоқ, жаны бар, Гүл іздеп сабылар.</p> | <p data-bbox="1090 763 1430 1008">Сәлемдесті қонақтармен</p> <p data-bbox="1090 1008 1430 2058">Бәрі өлең жолын айтты</p> <p data-bbox="1090 2016 1430 2058">Көбелек</p> |

Осы кезде музыка ырғағымен әдемі көбелек ұшып келеді.
Сәлеметсіңдер ме, балалар. Мен көбелекпін. Мен әдемілікті, әдемі гүлдерді жақсы көремін. Мен мына мұрттарыммен осы жерде көп гүлдер бар екенін сезіп тұрмын.
Тәрбиеші: Көбелек, көбелек, біздің балалар сіз туралы көп біледі. Қане, балалар еске түсірейікші кім айтады көбелек туралы.



1-бала

Көбелек жазық далада гүлден гүлге қонып жүреді. Мұрттарымен иіс сезеді. Олар гүлдің шырынымен қоректенеді. Көздерімен айналаны бағдарлайды. Алдыңғы қанаттары үлкен артқы қанаты кішірек келеу болып келеді. Ал, енді мына суретке қарап кім айтып береді. Көбелек: Мен сендерге өзімнің сиқырлы

Ернар көбелекті сипаттап берді

Суретпен әңгімелеу

гүлімді ала келдім. Сен сиқырлы гүл болсаң не істер едің ? (Ал,көбелек олай болса) мен сиқырлы гүл болам. Сендер маған көп көбелек жасап беріңдер дер едім.



Рахмет ,балалар,барлықтарыңның арман тілектерің орындала берсін. Ал,бүгін біз көбелектің тілегін орындаймыз ба? Олай болса бүгінгі біздің тақырыбымыз "Көбелек"деп аталады. Біз бүгін әртүрлі түсті жылтырақтардан көбелекті сәндеп шығарамыз. Ол үшін біз шеберханаға баруымыз керек.

Гүл өсірсең терлеп

Мұның аты еңбек

Сабағынды жөндеп

Әзірлесең еңбек.

Қиындықтың бәрін

Еңбек қана жеңбек.

Шеберханаға қатарымен барып жайғасады. Түсіндіру жолдары. Мінекей балалар. Менің қолымда ненің суреті тұр. Осы көбелекіт біз әртүрлі түстегі

Әр бала өздерінің сиқырлы гүл болсам не істейтінін айтып шықты.

мынадай жапырақтармен сәндеуіміз керек. Алдымен желімді көбелектің мінекей қара сызықтың үстіне жағып аламын. Содан соң мына жылтыр затты қойып шығамын. Одан кейін бір саусақпен жылтыраққа батырып ,желімдеген қанатына жабыстырып шығамын. Бес саусақты салмаймыз. Қанекей саусақтарымызды ашайықшы. Бас бармақ,балан үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек ,кішкене бөбек. Осы саусақта тек қана балаң үйрек саусақты ған жылтыраққа батырып желімнің үстіне басамыз.

Сергіту сәті



Орнымыздан тұрайық
Қолымызды жаяйық.
Көбелекке ұқсап ап
Оңға қарай бір ұшып
Солға қарай бір ұшып
Шарлайықшы жер шарын
Тынығып біз болған соң
Көбелек боп ұшайық.

Ұшып, ұшып кілемге қонамыз.



Ойын:

Мен тимеймін жасқанба
Дос болайық көбелек
Жайнап тұрған бақшамда
Тұтқиылдан сатыра
Жаңбыр жауды себелеп
Орамалдың астына
Тығыла қой көбелек.

Балалар:

Біз бүгін кіммен таныстық?
Көбелек қандай болады екен?
Мұртшаларымен нені сезеді екен?
Көздерімен нені істейді екен?
Ал, қанаттары қандай?
Немен қоректенеді?
Әдемі ма?

Ал, көбелек саған біздің балалардың
жасаған көбелектері ұнады ма?
Көбелек: Балалар, мен сендерге
гүлдерімнен шырын жинап әкелген едім.
Соны сендерге берем.
Менің кетуім керек. Сау болыңыздар.

Рефлексивтік
түзетушілік

Көбелекпен
Әдемі
Иіс сезеді
Бағдарлайды

| | | |
|--|---|-------|
| | Ал, балалар сендерге бүгінгі тақырып ұнады ма? Несімен ұнады? Рахмет, сендерге қонақтармен қоштасамыз. | Ұнады |
|--|---|-------|

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Көбелектің құрылымын

Игереді: Желіммен жұмыс жасауды.

Меңгереді: Көбелекті әртүрлі түстермен сәндеуді.